

# **АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ**

**«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ  
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ  
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**I КІТАП**



# **АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ**

**«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ  
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ  
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

**I КНИГА**

**Қостанай қ., 2025 ж.  
г. Қостанай, 2025 г.**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:  
**Қ 22** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: I Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025. – 1916 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: I книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025.–1916 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9 786013 564982

УДК 37.02  
ББК 74.00

өте көп: Ойын–сабақ, ойын–жаттығулар, сергіту ойындары. Бұл дидактикалық мақсаттағы ойындар оқушылардың жан–жақты дамуына қызмет етеді.

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ойынның өз жоспары, арнайы заттары т.б. көптеген ерекшеліктері болады. Ойын арқылы бала өмірден көп мәліметтер алады, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы балада гумандық білім қасиеттері қалыптасады.. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез–құлқын, ерік–жігерін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады.

Аса ірі психологтардың ойынша бала ойын үстінде қандай болса өскенде еңбекте сондай болады дейді.

Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болар ма?» – деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы). Сондықтан әрбір мұғалім оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда өз тәжірибесін, шеберлігін, білімділігін пайдалана алады.

Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда логикалық дамытушы ойындар мен берілген тапсырмалардың тәрбиелік мәні зор.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Білім туралы» Заңы. – Астана: Ақорда, 2008.
2. Жарықбаев Қ. Психология.– Алматы: Кітап, 2000. –189 б.
3. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. –М.:Просвещение, 1986.
4. Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности младших школьников.– М.:Просвещение, 1998.
5. Әбдікәрімова Т., Рахметова С., Қабатаева Б. Адамгершілік сабақтары. Жеке тұлғаның рухани–адамгершілігін дамыту бағытындағы авторлық бағдарламалар мен оқу–тәрбие іс–шараларының үлгілері. –Алматы: Рауан, 2001.

ӘОЖ 37.017.02

## **БІРТҰТАС ТӘРБИЕ: ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР – ҰЛАҒАТТЫ ҰРПАҚ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ТАҒЫЛЫМДЫ ТӘЛІМ НЕГІЗІ**

**Тусурғалиева Лира Тажмухановна**

биология пәні мұғалімі, педагог–шебер

Ақсай қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі

Берлі ауд., БҚО

#### **Аңдатпа**

*Мақалада заманауи білім мен тәрбие беру мәселелері, Біртұтас тәрбие беру бағдарламасын іске асыру маңыздылығы, соның ішінде әлеуметтік жобалардың алатын орны мен ерекшелігі сипатталады. Бағдарламада ұсынылған білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін, құндылықтарын қалыптастыру және қоғамда табысты әлеуметтенуіне бағытталған іс–шараларға сипаттама беріледі. Құндылықтарға бағдарланған әлеуметтік жобаларды іске асыру кезеңіндегі мектептегі тәрбие жұмысының бағыттары, артықшылықтары талқыланды.*

**Түйінді сөздер:** *Біртұтас бағдарлама, әлеуметтік жобалар, құндылықтар, тұлға, әлеуметтік белсенділік*

#### **Аннотация**

*В статье описываются актуальность и проблемы современного образования и воспитания, важность реализации Единой воспитательной программы, в том числе социальных проектов, рассмотренных в этой программе. Также в статье рассматривается проблема формирования нравственных ценностей и мотивации к социальной активности личности через*

социальные проекты. Выделены основные принципы, согласно которым должны формироваться нравственные ценности, высказана мысль о том, что воспитание в школе обусловлено национальной спецификой, менталитетом, ценностями, присущими казахскому народу.

**Ключевые слова:** единая программа воспитания, социальные проекты, ценности, личность, социальная активность

### **Abstract**

*The article describes the relevance and problems of modern education and upbringing, the importance of implementing a Unified educational program, including the social projects discussed in this program. The article also discusses the problem of the formation of moral values and motivation for social activity of the individual through social projects. The basic principles according to which moral values should be formed are highlighted, the idea is expressed that education in school is conditioned by national specifics, mentality, values inherent in the Kazakh people.*

**Key words:** unified educational program, social projects, values, personality, social activity

Сөз басын мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Мемлекеттің басты байлығы – адам, яғни азаматтар. Әрбір ата–ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс. Сол сияқты мектепте білімнің ғана емес, тәлім–тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Осыған орай балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек, сондай–ақ белсене атсалысуымыз қажет. Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек» деген сөзімен бастасақ, мектеп мұғалімі балаларды оқытып қана қоймайды, сонымен бірге оларды тәрбиелейді. Ол белгілі бір сыныпта оқушылардың оқу–тәрбие жұмысын ұйымдастырушысы әрі ұстазы, ақылшы–кеңесшісі болып саналады. Ол өзіне қатысты сыныпта оқушылар ұжымын ұйымдастыра отырып, осыған сол сыныпта сабақ беретін пән мұғалімдерін, оқушылардың ата–аналарын және жұртшылықтың бала тәрбиесіндегі ықпалын біріктіріп, балаға деген талаптарын ортақтастырып отырады.

Абай атамыздың 37–қара сөзіндегі «Адам баласын заман өсіреді, кімде–кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» деген сөздері – осының дәлелі. Бала тәрбиесіне заманы, қоршаған ортасы, отбасы, мектебі – бәрі әсер етеді. «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқам. Дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке–шеше жоқ» деген. Қазіргі жаһандану заманында Б. Момышұлының осы сөзі жас ұрпақтың тәлім–тәрбиесін дәл сипаттағандай болып отыр. Ұялы телефон мен ғаламтор тәрбиесі басымырақ түскен, кітапхана есігін ашпайтын ұрпақты биік мұратқа жетелейтін, адам құнды қасиеттермен қанаттандыратын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұлағатты ұрпақты тәрбиелейтін маңызды құрал – осы Бағдарлама болары анық. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Ал ар–ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік пен инабаттылық, мейірімділік пен бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу қасиеттері берік қалыптасқан жасампаз азаматты тәрбиелеу маңызды. Еліміздің өркендеп дамуы үшін халқын сүйетін, мемлекет мүддесін жоғары ұстайтын, білімді де адал ұрпақ тәрбиелеу аса өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда ұстауды қажет етеді.

Осы оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұны жаңартылып, еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» сынды ұштаған ұғымымен үндестірілді. Бағдарлама білім алушылар бойында тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық, заң мен тәртіп құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға

қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді. Жалпы аталмыш бағдарламаны іске асыру маңызды құндылықтарға бағдарланып, оқушыларға қажетті құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді әрі оқыту мен тәрбиелеудің өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді. Яғни, тұлғаның қалыптасуына тек сабақ үрдісі мен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының өзара байланысы арқылы ғана қол жеткізуге болады. Бұл білім алушыларға жеке көзқарасты жүзеге асырудың және олардың танымдық қажеттіліктерін ескерудің маңызды құралы болып табылады [2, 12б].

Мектеп тәжірибесіне етене еніп жатырған Бағдарламада ұсынылған әлеуметтік жобалардың маңызын ерекше атап өткен жөн. Әлеуметтік жобалар оқушы тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Себебі, кез-келген жоба білім алушыларға өмірлік қажетті дағдыларды үйретеді. Мектебіміздің тәжірибесінде оқушыларымыздың жасына және қажеттіліктеріне, өңірлік ерекшеліктеріне, сондай-ақ мектебіміздің бейіні мен түріне қарай жобаларды дербес таңдап алып, бағдарламаны іске асыру жұмыстарын бастап кеттік.

Бұл бағдарлама балаларды волонтерлік қызметке тартуға, олардың бойында көшбасшылық қасиеттерді, шығармашылық әлеуетті дамытуға бағытталған «Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен» және «Smart bala» сияқты бірқатар әлеуметтік жобаларды қамтиды.

Жеке тоқтала кетсек, «Қамқор» – әлеуметтік жобасы құндылықтарды дәріптеуге арналған. Бұл жобаны жүзеге асыра отырып жалпыадамзаттық және ұлттық түйінді құндылықтарды дамыту қарастырылған. Жоба шеңберінде мектебіміздің 9–11 сынып оқушыларының ата-аналар қауымдастығымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қартияларға ауланы қардан тазарту сияқты көмек көрсету, панасыз жануарларға қамқорлық жасау, ал 5–7 сынып оқушыларына құстарға ұя жасау сынды жобалық жұмыстар ұсынылып, балаларды волонтерлік әрекетке тарту қадамдары мектебіміздің білім алушылары мен ата-аналары арасында қолдауға ие болды.

Осы жоба аясында күз мезгілінде «Түлектердің ағаш егуі» экокелленджі ұйымдастырылып, түлектеріміз бен ата-аналары ұйымшылдықпен мектеп ауласына жеміс ағаштарын отырғызды. Сонымен қатар, «Жер сағаты» экологиялық акциясы қолға алынып, бұл жер шарындағы климаттың өзгеруі мен ресурстарды үнемдеудің жаһандық мәселелеріне назар аударуға бағытталған бастамаға айналды. Акцияның негізгі мақсаты мен міндеті – жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру арқылы энергияны ұқыпты пайдалануға үндеу. Осы орайда бастауыш сыныптардан бастап сынып сағаттары мен пәндік сабақтар барысында табиғи ресурстарды қорғаудың маңыздылығын көрсететін постер, жадынама әзірлеуге мән беріліп, мектепішілік байқаулар ұйымдастырылып, өткізілуде.

Оқушыларымыздың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы да өз деңгейінде жүзеге асырыла бастады. Биылғы оқу жылының басынан бері аталмыш жоба бастауыш сыныптарда «Күзгі асар» жәрмеңкесін, жоғарғы сыныптарда «Мамандықтар әлемі» конференциясын, «Мамандықтар марафоны» интеллектуалдық байқауын ұйымдастыру, мектептің әлеуметтік желілеріне жазбалар жариялау арқылы жүзеге асырылуда. «Күзгі асар» жәрмеңкесінде білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен табиғаттың орман өнімдерін пайдалана отырып, ата-аналарымен бірлесіп жасаған қолөнерлерін ұсынды. Бастауыш сынып оқушыларының шараға белсенділікпен қатысуы, қызығушылық танытуы еңбекке деген алғашқы қадамдарының көрінісін танытты. «Мамандық әлемі» конференциясын өткізу үшін алдымен мамандықтармен танысу мақсатында оқушыларды түрлі кәсіпорындарға немесе мекемелерге апару жоспарын әзірлеп, өңірдегі мамандық иелерімен, олардың еңбек жолымен танысудан бастады. Өздері

жинақтаған материалдар негізінде баяндама дайындап, конференцияда бөлісіп отырды. Ал «Мамандықтар марафоны» байқауында білім алушылардың шеберлігі сынға түсті. Мысалы, балалар ағаштан бұйымдар жасады, олардың әртүрлі мамандықтарға бейімділігін және мектебіміздегі жас шеберлерді, таланттарды анықтауға мүмкіндік берілді. Сол сияқты ортаңғы буында оқитын білім алушыларымыз әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат, подкаст жүргізіп, мектептің әлеуметтік желілерінде жариялауды жалғастыруда.

Келесі бір жоба – «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеуді көздейді. «Шабыт» жобасы аясында, мектебімізде халықаралық ұстаздар күні қарсаңында «Даналық – ұстаздан» челленджі ұйымдастырылып, оқушыларымыз бейне хабарлама, мақалалар, өлеңдер, әндер, суреттер және басқа да шығармашылық формалар арқылы жүрекжарды құттықтауы мен алғысын білдіруге мүмкіндік алды. Мұндай шаралар балалардың үлкенді құрметтеу, ұстаз еңбегін бағалау құндылықтарының қалыптасуына ықпал етуде. Жалпы бұл жоба білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған. осы Жобаны іске асыруда «Ұлттық мәдениет» көрмесі өткізілді. Көрме білім алушылардың әртүрлі материалдардан жасалған ұлттық атрибуттарды пайдалана отырып орындалған шығармашылық жұмыстарын ұсынуға арналды. Мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет мектепке ұлттық киіммен келуге немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды қолдануға ұсыныс беріліп, кейбір сыныптар мектеп формасына ұлттық ою-өрнектер салып, ұлттық нақышта киінуді дағдыға айналдырып үлгерді. Бұл үрдісті кейінгі буын жалғастырса, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі ізгі іс болары сөзсіз. Алдағы уақытта «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін ұйымдастыру, «Ананың аялы алақаны» челленджін өткізу, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастыру жоспарланып отыр. «Әншуақ» фестивалін жоспарлауда әлеуметтік желілерде халық әнін жанды дауыста орындап, бейнежазбасын жариялау арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау, жас таланттарды таныту көзделеді. «Домбыра күнінде» білім алушылардың, талантты музыканттар мен орындаушылардың қатысуымен түрлі ұлттық аспаптар көрмесімен сүйемелденетін концерт ұйымдастыру жоспарланған. Мұндай жобалар балаларымыздың білімімен қоса, шығармашылық әлеуетін шыңдауға мүмкіндік берері анық.

Жобалардың арасында функционалдық тұрғыда маңызды болып саналатын тілдік дағдыларды дамыту да тысқары қалмайды. «Ұшқыр ой алаңы» жобасында пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және балалардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру негізінде түйінді құндылықтарды дамыту көзделеді. Мектепте жалпыадамзаттық, рухани, ұлттық құндылықтарға, келелі тарихи оқиғаларға, ұлы тұлғаларға қатысты атаулы күндерге, адам құқығы мен заңдарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға қатысты тақырыптық пікірталастар өткізу жоспарланған. Мұндай іс-шараларға ата-аналарды, аудандағы танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін тартуға көзделген.

Аталған жоба аясында мектебімізде 9–10 сынып оқушылары арасында дебат клубы іске қосылды. Дебат білім алушының креативті ойлануына, өткір шешім қабылдауына, дүниетанымын арттыруға және жеңіске ұмтылуына мүмкіндік беретін динамикалық құрал болып табылады. Қараша айында мектебімізде 9–10 сыныптар арасында «Заманауи мамандықтар ма, дәстүрлі мамандықтар ма: болашақтағы маңызды мамандық» тақырыбында дебат турнирі болып өтті. Өте тартысты өткен дебат барысында қарсы командалар нақты фактілерді келтіре отырып, тақырып бойынша өз позициясын шебер қорғай білді.

Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеуге бағытталатын заманауи жоба – «Smart bala» жобасы. Осы жоба шеңберінде «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурсы өткізілген болатын. Конкурс жасанды интеллектті пайдалану арқылы командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізуге бағдарланған. Мектеп оқушылары өз мүмкіндіктерінше ізденіп, инновациялық жұмыстарын ғылыми жоба түрінде ұсынды. Информатика пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өткен конкурста балалардың жан-жақты ізденісі, ғылымға құлшынысы айтарлықтай байқалды.

Бағдарлама аясындағы және мектеп өміріндегі ең ауқымды әрі тиімділігі жобалардың бірі – «Балалар кітапханасы» жобасы. Жобаның басты мақсаты – балалар арасында кітап оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жоба әдеби кештер, кітаптар жәрмеңкесін, кітап кейіпкерлерінің байқауын, «Кітаптар айналымы» акциясын, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджін өткізуге жоспарланған. Жоба арқылы білім алушылар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылауды ұйымдастыруға да болады. «Кітаптар айналымы» акциясы шеңберінде кітапханада, мектеп буккроссингінде білім алушыға қажетті кітапты алып оқуы үшін үйден өзінің бір кітабын әкеліп ауыстырып алу мүмкіндігі болатын кітаптар сәресін құрылды және мектеп дәлізінде орналастырылды. Қыркүйек айында ұйымдастырылған «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі кезінде балаларды бір-біріне жақсы кітаптар сыйлауға шабыттандыру және қағаз кітабының өзекті сыйлық болып қала беретінін және құндылығын жоғалтпайтынын көрсету басты мақсат етіп алынған болатын. Челлендж сынып ішінде ұйымдастырылып, балалар өзі оқып-танысқан кітабын жақын досына ұсынып, өзі де келесі оқырманнан бір кітапты сыйға алды. Аталмыш жоба аясында ұйымдастырылған және жоспарланған шаралардың маңызы ерекше. Себебі кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі. Жадыны және ойлауды дамытады. Яғни, көп оқыған адам жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады. Кітап оқу – талдауға, сараптауға, өзіндік жүйелі пікір қалыптастыруға үйретеді. Адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Кітап оқу – сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады. Адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады. Кітапты көп оқитын саналы ұрпақ келте, шолақ ойлы емес, есті, салмақты ой иесі болып өсері даусыз.

Қорыта келгенде, бағдарлама аясында мектеп өміріне енген жобалар білім алушылардың сыни ойлауын, эмпатиясын және қоғамдағы өзара әрекеттесу үшін маңызды әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Олай дейтініміз, ұрпақ тәрбиесі – болашақ қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, кәсіпке икемді, ақыл-парасаты мол, мәдени ой-өрісін озық етіп тәрбиелеу – мектеп пен ата-ананың қоғам алдындағы борышы. Шынымен де Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық құндылықтар, ұлт қазынасы, тәлімдік-тағылымдық тәрбие негіздерінің тереңінде жатыр.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Балам» деген жұрт болмаса, «жұртым» дейтін бала қайдан шығады» деген. Сондықтан ел болып, жұрт болып ұрпақ тәрбиесін қолға алу – басты шаруа. Тәрбие барысында ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, жастарымыз еліміздің әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады деп сеніммен айта аламын.

Ұлттық сана дегеніміз – сол ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабілетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған ұжымдық түрі, яғни ұжымдық сана. Ал ұжымдық сана бірлескен нәтижелі жұмыстар негізінде ғана қалыптасады, дамиды [1, 46].

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Танирбергенова, А.Ш. Біртұтас тәрбие бағдарламасы: зерттеулер мен іске асыру тетіктері. – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Қазақстан Республикасы, Астана қ. a.tanirbergenova@uba.edu.kz
2. Біртұтас тәрбие бағдарламасы / Қазақстан Республикасының Оқу–ағарту министрлігі. – Астана, 2024 – 87 б.
3. Құсайынов А.Қ. Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі [Мәтін] // «Білім» ғылыми–педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №2. – Б. 131–141. DOI: 10.59941/2960–0642–2023–2–131–141

УДК 37.034

**ПРОБЛЕМА СОДЕЙСТВИЯ ДУХОВНО – НРАВСТВЕННОМУ СТАНОВЛЕНИЮ ЛИЧНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ**

**Тюлепбергенова Жасмина Жастарбековна**  
студент 4 курса ОП « Педагогика и психология»

**Назмутдинов Ризабек Агзамович**

кандидат психологических наук, профессор  
кафедры педагогики, психологии и специального образования

педагогический институт им. У.Султангазина  
НАО «Костанайский региональный университет  
имени Ахмет Байтұрсынұлы»  
г. Костанай, Казахстан

**Аннотация**

*Рассматриваются сущность и содержание понятий: «духовность», «духовно–нравственное воспитание». Исследование в этой области показывает, что в современном обществе необходимо обновление традиционных методов и технологий воспитания для улучшения процесса духовно–нравственного воспитания современной молодежи.*

**Ключевые слова:** *духовно–нравственное воспитание, деятельность, духовно–практическая деятельность, ценностно–смысловое пространство, духовно–нравственное развитие.*

**Аңдатпа**

*Ұғымдардың мәні мен мазмұны қарастырылады: «Руханият», «рухани–адамгершілік тәрбие». Осы саладағы зерттеулер қазіргі қоғамда қазіргі жастарды рухани–адамгершілік тәрбиелеу процесін жақсарту үшін дәстүрлі тәрбие әдістері мен технологияларын жаңарту қажет екенін көрсетеді.*

**Түйінді сөздер:** *рухани–адамгершілік тәрбие, қызмет, рухани–практикалық қызмет, құндылық–семантикалық кеңістік, рухани–адамгершілік даму.*

**Abstract**

*The essence and content of the concepts of «spirituality» and «spiritual and moral education» are considered. Research in this area shows that in modern society, it is necessary to update traditional methods and technologies of education to improve the process of spiritual and moral education of modern youth.*

**Key words:** *spiritual and moral education, activity, spiritual and practical activity, value–semantic space, spiritual and moral development.*

Педагогическое содействие духовно–нравственному становлению личности обучающегося является частью воспитательной системы. Термин «система» описывает организацию какого–либо множества. Изучению общих теорий систем и системного анализа посвящены труды М.С. Кагана, Н.И. Лапина, а также в исследованиях социального и педагогического менеджмента (В.Г. Афанасьев, В.С. Лазарева, М.М, Поташник). Определим понятийное наполнение термина «система».

## **МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ**


### **АЛҒЫ СӨЗ**



### **ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО**

<b>Сеитбек Бекенович Куанышбаев</b> , география ғылымдарының докторы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма - Төрағасы - Ректоры	<b>3</b>
---	----------

### **ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР**



### **ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ**

<b>Eva Smetanová</b>	Education as a tool for cultural dialogue	<b>6</b>
<b>Алиева Эльмира Максutowна</b>	Основные принципы формирования ценностей и интересов у обучающихся в условиях образовательной среды	<b>8</b>
<b>Сюндикова Данагуль Жаппасбаевна</b>	Роль, значение и пути реализации воспитания подрастающего поколения на основе национальных ценностей в организациях образования костанайской области	<b>13</b>
<b>Өтелбаева Салтанат Амантайқызы</b>	Ыбырай жайында табылған тың деректер	<b>17</b>
<b>Бектурганова Римма Чингисовна</b>	Развитие инструментов формирования исследовательской культуры у будущих педагогов	<b>20</b>
<b>Моисеева Людмила Владимировна, Балюкова Татьяна Владимировна</b>	Формирование экологической картины мира есть новое направление развития образования России	<b>26</b>

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ТӘЖІРИБЕ, ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР**



**ЦЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ И МОЛОДЕЖИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ:  
ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ**

<b>Абатов Нурлыбай Тулепбергенович, Кадырова Айгуль Кеулимкосановна</b>	Жастарға ұлттық тәрбие берудің мақсаты	<b>30</b>
<b>Абдикирова Динара Аманжоловна</b>	Тәрбие негізі–ұлттық құндылықтарда	<b>34</b>
<b>Абдимоминова Дилдаш Каппаровна, Омарова Дильназ Кенжебековна</b>	Құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құрудағы геймификацияның рөлі	<b>37</b>
<b>Абдуллина Татьяна Владимировна</b>	Проблемы и возможности культурно– ценностной образовательной среды для развития функциональной грамотности на уроках русского языка и литературы	<b>42</b>
<b>Абитова Вера Анатольевна</b>	Формирование гармонично развитой личности дошкольников на основе ценностей через программу воспитания «Біртұтас тәрбие»	<b>46</b>
<b>Айдарханова Айымгуль Мейрамбаевна, Нурмуханбетова Нургуль Нуркеновна</b>	Формирование интереса к предмету химия через межпредметную связь	<b>51</b>
<b>Айзверт Виктория Александровна, Шпехт Наталья Васильевна</b>	Интеграция национальных ценностей в образовательный процесс младших классов на уроках литературного чтения, математики и изобразительного искусства	<b>57</b>
<b>Аймуханова Карина Темировна</b>	Научное видение понятий «инклюзивное образование», «менеджмент инклюзивного образования»	<b>60</b>
<b>Акишева Балайым Жансеитовна, Айнабекова Акмарал Сабитовна</b>	Білім саласындағы тәрбие құндылықтары: тәжірибе, мәселе, шешім ұлттық құндылықтар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу	<b>63</b>
<b>Аликин Марк Игоревич, Лукьянченко Наталья Владимировна</b>	Субъективное восприятие подростками – единоборцами занятий спортом	<b>66</b>
<b>Алпысбаева Айнагуль Темирханговна, Карибаева Динара Булатовна</b>	Роль и значение инклюзивного образования в современной школе	<b>71</b>
<b>Альбекова Айжан Турсунбековна</b>	Патриотическая направленность песен Розы Рымбаевой	<b>74</b>
<b>Альдикенова Анар Альмухановна</b>	Ұлттық құндылықтар мен жаңа педагогикалық әдістемелер: жастар тәрбиесі мен білім берудегі өзара ықпалы	<b>79</b>
<b>Амантаева Айгуль Багитжановна</b>	Природа философии знания	<b>83</b>

1 СЕКЦИЯ

<b>Амирхамзин Наурызбай Касенғалиевич</b>	Бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағындағы шығармашылық әрекеті	<b>86</b>
<b>Амрина Аклима Алпамышевна</b>	Білімалушылардың негізгі құндылықтарды игерудегі «Біздің өлке» электрондық құралының орны	<b>92</b>
<b>Анцупова Светлана Николаевна</b>	Инклюзивное образование на уроках физической культуры в общеобразовательной школе	<b>97</b>
<b>Аралбаева Айгүль Кенесовна</b>	Ценности воспитания в образовании: анализ опыта и перспективы	<b>99</b>
<b>Аргимбаев Темирлан Ерланович</b>	Сокровища прошлого: сущность традиционных ценностей в современном воспитании	<b>105</b>
<b>Атабаева Динара Хамитовна</b>	Воспитание детей и молодежи в системе образования казахстана: ценности, вызовы и пути решения	<b>109</b>
<b>Аухатова Рза Жансултанова, Мурзағалиева Кенжегүль Зайнуллиновна</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жастарды тәрбиелеудің негізгі құндылықтары	<b>113</b>
<b>Аушамина Гулжан Заркимовна, Баймағанбет Маржан Мәлікқызы</b>	Балалар арасында рухани және моральдық құндылықтардың өзгеруі: себептері мен шешу жолдары	<b>117</b>
<b>Ахметғареев Дамир Рифағатович</b>	Формирование экологической культуры через исследования: воспитание сознательности и ответственности	<b>121</b>
<b>Ахметова Аймқұл Кадирбаевна, Жакаева Салтанат Ануарбековна</b>	Концептуально–дидактическая модель подготовки студентов для музыкально–образовательной деятельности	<b>126</b>
<b>Ахметова Данагул Нурмуханбетовна</b>	Қазақ жұмбақтарындағы ұлттық дүниетаным көрінісі	<b>131</b>
<b>Ахтай Жансая Маратқызы, Құлжанова Бақытгүл Райханқызы</b>	Балалар мен жастарды тәрбиелеуде қазақ тілді жаңалық мәтіндеріндегі неологизмдер мен терминдердің рөлі	<b>135</b>
<b>Аяпбергенова Алмагүл Бахитжановна</b>	Бастауыш мектептегі заманауи тәрбиенің құндылықтары	<b>139</b>
<b>Бабич Светлана Сергеевна</b>	Формирование профессионально–личностных качеств будущего хореографа в процессе обучения в вузе	<b>142</b>
<b>Баякенова Мадина Кусмановна</b>	Роль образования в формировании ценностных ориентиров подрастающего поколения	<b>146</b>
<b>Баженкова Наталья Владимировна, Магун Татьяна Ярославовна</b>	Определение уровня стрессоустойчивости студентов института физической культуры	<b>150</b>
<b>Баженова Эльмира Даулетхановна, Сәбит Айгүл Ғаниматқызы</b>	Болашақ әлеуметтік педагогтың толеранттылығын қалыптастыру мәселесі	<b>153</b>

1 СЕКЦИЯ

<b>Базарбаева Балганат Еркимбаевна</b>	Тарихи тұлғалар жайлы білім беру арқылы жас буынды патриотизмге тәрбиелеу жолдары	<b>157</b>
<b>Байгентов Бауржан Булатович</b>	Воспитание нравственного, ответственного, инициативного и компетентного специалиста как важнейший фактор развития казахстанского общества	<b>160</b>
<b>Баймаганбетова Айгерим Прмановна</b>	Эссе как инструмент развития ключевых компетенций в цифровую эпоху: практический аспект	<b>164</b>
<b>Байтенова Ляззат Бактыбековна</b>	Платформа «qabilet»: современные решения для диагностики, профориентации и поддержки учеников	<b>167</b>
<b>Байтикенова Умутгуль Какимбековна</b>	Қазақстан тарихын оқытуда білім алушылардың тарихи құндылығын қалыптастыру	<b>171</b>
<b>Бакатова Гульнара Актасовна</b>	Современное воспитание: путь к гармоничному обществу	<b>175</b>
<b>Бандурина Любовь Владимировна, Головки Наталья Григорьевна</b>	Решение конфликтов в системе «семья–школа–общество»: пути и инструменты	<b>180</b>
<b>Бекенова Салтанат Калихановна</b>	Ақын Тұманбай Молдағалиевтің тұмадай тұнық жырлары	<b>185</b>
<b>Бексултанова Раушан Каиржановна, Карашинова Алмагуль Серикбаевна</b>	Мектептегі гуманитарлық пәнді концептуалды оқыту мен құндылықтар	<b>190</b>
<b>Бектұрғанов Қуаныш Берікболатұлы, Әлім Назгүл Әлібекқызы</b>	Оқушыларға тарихи сананы қалыптастырудағы «Қазақ халқының ұлт–азаттық көтерілістері» бағдарламасының рөлі	<b>193</b>
<b>Беликов Илья Вячеславович, Чаплыгина Елена Владимировна</b>	Физическая культура в системе физического воспитания в общеобразовательных учреждениях и высших учебных заведениях	<b>198</b>
<b>Биримжанова Айгуль Каримовна, Ерманова Айгуль Боранбаевна</b>	Дебат технологиясын білім беру үдерісінде пайдаланудың маңызы және практикалық нәтижелері	<b>201</b>
